

Д. Бабаев атындағ №115 жалпы білім беретін мектеп бойынша аға тәлімгердің есебі 2023-2024 оқу жылы

Жалпы 1- 4 сыныпта 373 оқушы бар. Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» балалар ұйымы қатарына бастауыш сынып оқушылар қабылданады.

«Жас Қыран» ұйымының мақсаты:

-өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру болып табылады.

«Жас Қыран» ұйымының міндеттері:

-Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;

-балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;

“Мұғалім мектептің-жаны “ атты өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен іс-шара жоғары деңгейде өтті. Ұстаздардың атынан оқушыларға алғыс білдіреміз. Ардақты да құрметті ұстаздар тол мерекелеринизбен!!! Балаларымызға синген енбектериниз акталсын. Үлкен омирге аяк бастырып қанат қақтырғандарыңыз үшін мың алғыс.

«Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» тақырыбы бойынша «Жас қыран» және «Жас ұлан» ұйымының оқушыларына мектеп кітапхана меңгерушісі Дәмет Шәлібекқызының ұсынған әдеби кітаптарын оқып, өзіндік ойларын ортаға салды.



Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да, тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Тәуелсіз мемлекеттің ертеңі-ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен білігіне,іскерлігіне байланысты. Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Ұстаз- ұлы тұлға “ атты зейнеткер ұстаздарымыздың құрметіне арналған ашық тәрбие сағатымыздың құрметті қонақтары Жаксылыкова Гульжан Арменқызы мен Бекеева Гульжамал Дауылбайқызы ортамызда.



Оқушыларды ұстазды құрметтеуге, сыйлауға үйрету, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. Ұстаз еңбегін әрқашан бағалай білуге үйрету.



Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілін. Кітапхана меңгерушісінің ұйымдастыруымен 30- кітап, 30- ән байқауы 4- сыныптар арасында өткізілді. Сынып жетекшілер оқушыларды ұйымдастырып, дайындап сыныпты безендірген, 4- а сынып оқушысы Оралбек Абылай "Патша мен сарғалдақ" ертегісін өте жақсы баяндап мазмұнын айтып берді. Камалов Азамат "Түлкі мен қасқыр" ертегісін айтып берді. Төлеухан Толғанай "Әтеш пен тауық" ертегісін айтып және ертегінің суретін салған оны "Мөлдір бұлақ журналына саламыз. Ғабиденқызы Ақниет "Алтын шашты қыз бен үш аю ертегісінің мазмұнын жақсы айтты. Сағынтай Мерей Қарлығаш пен бала ертегісін, Нұртілеу Нұрмұхамбет "Бала арманы" ертегісін, Талғатқызы Ажар "Күн, Ай және әтеш ертегісін өте жақсы баяндап айтты. Оқушылар ертегілерін айтып және Портфолиаларын дайындаған. Оқуға құштар мектеп жобасының аясында ұйымдастырылған байқау жылда жетістіктерін көрсетіп жатыр, үздік оқитын оқырмандар саны артып жатыр және каникул күндерінде де "Кітап оқимыз" марафонына қатысып бейнетаспаларын жіберіп, оны біз әлеуметтік желілерге жіберіп отырып оқушылардың кітап оқуға деген құштарлықтарын арттырамыз, Отбасылық оқуды жалғастырамыз, оқушылардың бос уақытын тиімді кітап оқуға дағдыландырамыз. Оқуды жалғастырамыз, оқушылардың бос уақытын тиімді кітап оқуға дағдыландырамыз.



"Бір кітап, бір ел" республикалық акцияның аясында Б.Соқпақбаевтың 100-жылдығына байланысты "Менің атым - Қожа" повесін 5- сыныптар жапондық әдіс 8 минуттық мәнерлеп оқуды ұйымдастырып, оны радиодан тарттық. Повесті тарау бойынша бір оқушы бастап келесі оқушы жалғастырып, оқушылар шығарманы түгел оқып, мазмұнын баяндап берді. Бұл әдіспен оқыту оқушылардың қызығушылығын арттырды.

6- сыныптар С. Мұратбековтың "Жусан иісі" повесін оқуды жалғастырады. Ақпан айында "Менің сүйікті кітабым" Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына байланысты "Менің атым - Қожа" повесін Астана қаласынан Алматы қаласына 28 ақпанда Республикалық челлендж жолданды. Осы шығарманы "Көктемгі каникулда кітап оқимыз, жалықпаймыз"- деп оқушыларымыз қызығушылық танытып оқып жатыр.



Мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен “Арайлы Алтын күз” 9-10 сыныптар аралығында сайыс өтті. КҮЗ ХАНЗАДАСЫ-КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ-2023 10”А” сынып жұптары Құнар мен Аянды құттықтаймыз!

Сонымен қатар, 1 орын иеленген 9 "Ә" сынып оқушылары Бейіт Амина мен Ғаниды 2 орын иеленген 10 "Ә" сынып оқушылары Адилгазина Жансая мен Рахматуло Дауренді 3 орын иеленген 10 "Б" сынып оқушылары Нұрсұлтанқызы Фатима мен Асқарқожа Жарқынды "Талантты ару" номинациясын иеленген 9 "А" сынып оқушылары Абдиразакова Жұлдыз бен Қайратұлы Дәулетті "Инабатты ару" номинациясын иеленген 9 "Б" сынып оқушылары Сембек Ләтипа мен Еркін Алиды шын жүректен құттықтаймыз



Пікірсайыс клубы мүшелерінің арасында «БП жұмыстың престиж көзі ретінде қаралуына өкінеді» тақырыбына пікір сайыс өткізді. Пікір сайысқа қатысушылар өзара пікір алысу барысында шешендік өнерлерін шындап, жаңа қырларынан танылды.



Кәсіпқой көркем бейнелеу өнері XX ғасырдың басында Әбілхан Қастеевтен бастау алады. 2024 жылдың алғашқы күндерінде Әбілхан Қастеевтың туғанына 120 жыл толды, ғаламат суретші кәсіпқой бейнелеу өнерінде өзінің бір халықтың тұңғышы болуына қарамастан шексіз шеберлігімен осы күнге дейін жұртты тандандырып келеді. Осыған орай 14 қаңтар оқушылар Әбілхан Қастеевтың туындыларымен танысып, сурет салды. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны 11 желтоқсан күні мектептің мәжілісзалында өтті.

Жас Ұлан ұйымы қатарына қабылданушы 5 «А», «Ә», «Б» «В» сынып оқушылары ант қабылдады. Ант қабылдап біткен соң Жас Ұлан ұйымына қабылданған оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстуктарын тағу рәсімі өтті. Жас ұлан әні орындалып, 5 сынып оқушылары патриоттық әндерге би биледі. Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты қабылдау рәсімі өз мәресіне жетті.



“Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан жүрегім” атты іс-шаралар жоспары аясында “Тәуелсіз елдің бүлдіршіндері”, “Гүлдене бер, менің Қазақстаным” тақырыбында 2-4 сынып балаларының шығармашылық жұмыстары. Мақсаты: Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, өз ана тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтай білуге міндетті.



Тарихқа көз жіберетін болсақ, Тәуелсіздік – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында алаңға шыққан жастардың ерік-жігері, ең алдымен барша қазақстандықтардың арман-мұратының салтанат құруы. Патша дәуірінде де, Кеңес Одағы кезінде де тәуелсіздікке деген ұмтылыс халықтың едеуір бөлігінде қалыптасты. Біз бірнеше жүз жыл отаршылдықтан кейін XX ғасырдың аяғында қайта жаңғырған мемлекетпіз. Тәуелсіздік – бұл азап пен төзімнің, халықтың сан ғасырлар бойы еркіндікті аңсаған шыдамының өтуі. Қазақстанның тәуелсіз, егеменді ел ретінде танылғанына міне он тоғыз жыл толып отыр. Тәуелсіздік сияқты ұлттық мерекені бүгінгі таңда қазақ халқы жүрегімен сезінуі керек. Тәуелсіз елдің ең басты тұғыры ол қоғамның, сол мемлекеттегі жергілікті ұлттың рухы, жігері, қоғамдық санасы. Басты байлық жай ұлттық мүдде емес, азаматтардың мүддесі мен қажеттілігі.

Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бүгінгі құдіретті күші ел бірлігінде, ұлттар татулығында жатыр. Қазақстан үшін ХХІ ғасыр тарихының парағы парасат пен пайымға толы. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні қарсаңына мектебіміздің Жас Ұлан Жас Қыран Мектеп парламенті ұйымдаса отырып, Желтоқсан құрбандарын еске алып өлең жолдарымен челлендж өткізді. Қазақстан Республикасы егемендік пен тәуелсіздікке ие болғаннан бері «Қазақстан тарихы» оқу пенінің маңызы арта түсті, оның негізгі міндеттері: халықтың тарихи жадын қалпына келтіру, ұлттық сана мен бірлікті қалыптастыру, азаматтанушылық пен патриотизмді тәрбиелеу. Қазақстан тарихына қазіргі тұрғыдан қарау дегеніміз, оны дүниежүзілік тарихпен, Евразиялық контингент тарихымен, көшпелілер өркениетімен, түркі халықтарының тарихымен және Орталық Азия елдері тарихымен бірлікте қарастыру деген сөз. Бірте-бірте оның маңыздылығы мен көп функционалды рөлі де арта түсуде. Оның функцияларының ең бастысы, ол мемлекеттік маңызы бар оқу пәніне айналып отыр, мұның өзі оның Қазақстан қоғамын дамытудың маңызды міндеттерін жүзеге асырудағы рөлінің арта түскендігінен. Осы орайда білім алушыларға Қазақтың тарихын терең ұғындыру мақсатында өзін-өзі басқару ұйымы “Жас ұлан” сайысында оқушыларымыздың білімдерін сынау мақсатында сұрақ-жауап жүргізді.



«Қош келдің, Жаңа жыл!» шыршасы өтті. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері мектептегі Жаңа жылдық шырша мерекесін өткізудің кестесіне сәйкес 27-28 желтоқсан аралығында мектептің мектепке даярлық тобына, бастауыш сыныптарға шырша өтті. Ұйым мүшелері балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау үшін әзілкеш, барыс, қоян, мыстан кемпір, Аяз Ата, Ақшақар болып киініп, тамаша қойылым қойды. Ұйым мүшелері балаларға қызықты «Пима» ойынын ойнатып, тақпақ, өлең айтқызып, би билеткізді. Балалар Аяз Атаның тәттілеріне тойып, мәз болды.



2024 жылдың 26 қаңтар күні мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагог – психологы және әлеуметтік педагог буллинг мен кибербуллингінің психологиялық аспектілерін талқылады. Семинардың басты мақсаты балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде бірыңғай әдіс-тәсілдерді

қалыптастыру. Мектептегі психологиялық қауіпсіздік, ата-аналармен өзара әрекеттестік, буллинг мен кибербуллингтің алдын алу бойынша тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Педагог-психолог семинар қатысушыларымен мектеп психологы жұмысының техникалары мен мәселелерді шешу жолдарымен бөлісті. Семинар аралас форматта өтті. Қатысушылардың жалпы саны адам болды.



АҚПАНДА ТУҒАН АҚЫНДАР

Ақпан - ағыл-тегіл жыр төгілетін ай. Мұқағали жырларын тілі шыққан сәбиден бастап, еңкейген кәрі де бір толғамай өтпейді.

“Поэзия, менімен егіз бе едің?” атты кездесу кешімізге “Мұқағали” журналының алғашқы шығарушысы, көп жылдар бойы Бас редакторы болып қызмет атқарған- Батық Мәжитұлы шақырылды. Мұқағали жайлы аңыз бен ақиқаттың сыры ашылды.

Ақын Батық Мәжитұлынан қонаққәде сұралды. Ақпанның 12-сінде туған қонағымыз Батық Мәжитұлы Мұқағали ақын жайлы оқушылар қойған сұрақтарға жауап берді. Қонаққәдеге сай оқушылар да күй тартып ән салды, ақын жырларын жатқа оқыды. Әдемі сазды кездесу кеші ұзақ уақыт есте қалатындай әсерлі өтті.



<https://www.instagram.com/p/C3IpTVPIfbl/?igsh=MXVnZ2M2eHZxY3lqZg==>

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Поэзия –менімен егіз бе едің» атты мектепішілік оқушылар арасында мәнерлеп оқу челленджі өтті.

Мақсаты: Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту, шығармашылық жұмысқа баулып, олардың рухани дамуына әсер ету, ақын өлеңдері арқылы халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай ұйымдастырылған мектепішілік байқаудағы бейнелеу өнерінің портрет, пейзаж жанры бойынша оқушылардың жұмыстары.

Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Мұқағали – мәңгілік ғұмыр» атты мектепішілік байқау 13 ақпан күні өтті.

Мақсаты:

- Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның шығармашылығымен таныстыру, поэзия құдіретін таныту, шығармашылық жұмысқа баулып, олардың рухани дамуына әсер ету;

Алғыс айту күні – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні. Бұл күн – күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен

еліміздің барлық азаматтарының бір - біріне құрмет білдіретін күн.

Алғыс айту күні – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейрімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні.


Біздің оқушыларымызда отанға, өз еліне, ата-аналарына алғыстарын жолдады.

https://www.instagram.com/reel/C39J8M_osnj/?igsh=MzRIODBiNWFIZA



<https://www.instagram.com/reel/C3-ReWgIqd/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>==

<https://www.instagram.com/reel/C3-RLxmI5BI/?igsh=MzRIODBiNWFIZA>==



Оқушылардың алдын алу және қыз балалар арасында кездесетін ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зиян екендігін түсіндіре отырып қыз бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлуге ақыл-кеңестер беру.



Алматы қаласы Білім басқармасының “Алматы дарыны” дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау мақсатында Мектеп парламент президенттерінің қатысуымен слеттің аудандық кезеңі 14.11.2023 жылы өткізілді. Мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының президенті Кудерина Перизат қатысып марапатталды.



Бүгінгі таңда білім беру саласындағы мемлекеттік саясат оқу-тәрбие процесінің дене тәрбиесі жүйесі, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтудың моделін жетілдіруге бағытталған. Челлендждің мақсаты – балалардың салауатты өмір салтын насихаттау.

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық –қауіпті кеселдің бірі,осыған орай мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының оқушыларымен ұйымдастырылған «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты дебат өтті. Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру,оның алдын алу, көріністерін азайту.



Өзін - өзі басқару-оқушылардың бастамасы, тәуелсіздігі, шығармашылығы, өз өмірін жақсарту, жауапкершілік сезімі, өзара көмек және оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттеріне негізделген мектеп ұжымының өмірін басқару.Өзін-өзі басқару ұйымының “Өзін-өзі тану және бақыт” фракциясының министрі Абдиразакова Құндыздың ұйымдастыруымен кішігірім жылулық,күлімдеп жүрейік. Көңілді қоңырау.




Мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымы Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеуге арналған «Мектептегі өзін-өзі басқарудың үздік сайлау жүйесі» аудандық байқауынан жүлделі 1-орын алып қалалық байқауына жолдама алды.

Байқау міндеттері:мектептегі өзін-өзі басқару органдарын қалыптастыру кезінде сайлау институтының рөлін атқару;
мектептегі өзін-өзі басқару сайлауын өткізудің озық тәжірибесін анықтау және жалпылау;
Алматы қаласының оқушылары мен жастары арасында сайлау институтын дәріптеу;
Осы міндеттерді орындай отырып мектебіміздің «Мектеп парламент» мүшелері қалалық байқаудан Алғыс хатпен оралды.



Тәрбие — бұл іс-шараларды емес, балалардың өмір салтын ұйымдастыру, өмірмен тәрбиелеудің негізгі формасы-өзін-өзі басқару, соның арқасында бала тәуелсіздікке, адамдармен іскерлік қарым-қатынасқа, шешім қабылдауға және оның іс-әрекеттеріне жауап беруге дайын. Оқушылардың өзін-өзі басқаруының үдемелі дамуының қалыпты жұмыс істеуінің маңызды шарты-әр сыныпты мектеп өміріне қосу, сынып топтарының өзін-өзі басқару органдарының

жұмысын бір бағытта, орталықтандырылған басқаруда қамтамасыз ету. Парламент мүшелері оқушыларымызға мектепте қалай өздерін ұстау керектігі жөнінде видео жолдады.



Түрксіб ауданында «Өз жұлдызыңды жақ атты!» жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында жүргізушілер байқауы өткізілді. Осы байқауға мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының 10 «А» сынып оқушысы Ауған Құнар қатысып, жүлделі 3-орын иеленді.



«Көңілді үзіліс». Бұл жолғы көңілді қоңырауды оқушыларымыз, біздің ұстаздарымыздың көңілін көтеру мақсатында жылы лебіздерін, тілектерін айтып Тәж кигізді.

Мақсаты: оқушылардың өзара сенімділігін, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыру. Бұл көңілді сергітіп, жаңа күйге және көңілді көтеру үшін өте қажет.




Алғыс айту күні – Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні. Бұл күн – күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық

азаматтарының бір - біріне құрмет білдіретін күн.

Алғыс айту күні – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейрімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні. Біздің оқушыларымызда отанға, өз еліне, ата-аналарына алғыстарын жолдады.

<https://www.instagram.com/reel/C39kDraoK7Y/?igsh=MzRIODBiNWF1ZA>



Мектебімізде «Қош келдің, әз Наурыз» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Мақсаты: өскелең ұрпаққа нәрестенің дүниеге келген сәтінен бастап орындалатын салт-дәстүрлерін сахналау арқылы қазақтың ұлттық құндылықтарымен таныстыру. Әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру. Кештің соңы наурыз көжемен жалғасын тапты. Ұлыстың ұлы күні аталған Наурызда еңбектеріңіз өнімді болып, тілектеріңіз қабыл болсын!



Мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Мектеп директоры: Т.Т Қазыбаев жылдық есепке тоқталып өтті.

Сонымен қатар төмендегі тақырыптар бойынша ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

1. Д.О.І.Ж орынбасары Н.С Шындаулетова 3-тоқсан қорытындысы.
2. Жалпы қауіпсіздік туралы ДТІЖО А.Б Омирзакова.
3. Буллингтің алдын алу Мектеп психологы: А.Б Құрманғазы.
4. Әлеуметтік педагог: Міндетті оқуға камту А.Н. Тынышбекова
5. "Оқуға құштар мектеп" кітапханашы Д.Тоқсанбаева
6. Бас Есепші Н.А Салихаров жылдық есебі.
7. 1 сыныпқа қабылдау туралы ДОІЖО Г.Т Сатыбалдиева.



<https://www.instagram.com/p/C5FrDk9I7nU/?igsh=bzhscjdhb3N5emM3>

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық есебі

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының негізгі міндеттері мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. Осындай міндеттерді негізге ала отырып «Адал Ұрпақ» үйірмесінің 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспары бекітілді. Мектеп оқушыларынан биылғы 2023-2024 оқу жылына оқушыларды клуб мүшелігіне қабылдау жұмыстары жүргізілді. Еліміздің алдындағы дамыған елдер қатарына енуіне, мемлекетімізді өркендетуде болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие бере отыра, оқушылардың биік жетістерге жететіндеріне сенімдіміз. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы 9-11 сынып оқушылары арасынан 13 оқушыдан тұратын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы құрылды.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметі ұйымдастырылып, жұмыс жоспары бекітілді. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жетекшісі ДТІЖО Омирзакова Айгүл Байзаққызы, көмекшісі аға тәлімгер Барат Айгүл Бауыржанқызы тағайындалды. «Адал ұрпақ» ұйымының алғашқы отырысында ДТІЖО Омирзакова Айгүл Байзаққызы «Адал ұрпақ» ұйымының жұмысының міндеті мен мақсаты?» тақырыбында түсіндірме жасады. Баяндама барысында оқушыларға ұйым жұмысы қалай жүргізілетіні туралы айтылып, ұйымның мақсаты мен міндеттері таныстырылып, жылдық жоспарымен таныстырды. «Парасатты Азамат» бұрышын ұйымдастыру бойынша аға тәлімгер Барат Айгүл Бауыржанқызы сөз алды. Бұрыштың басты мақсаты-азаматтық, патриоттық тәрбие беру, кез келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу, адамгершілік қасиет пен этикалық сананы қалыптастыру, жемқорлықты қабылдамау, шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін өте маңызды. «Парасатты Азамат» бұрышындағы акпараттарды уақытылы жаңартып тұруы керек. Әр оқушы өз ойларын еркін жеткізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендерін білдірді. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі оқушыларды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Барлық білім беру мекемелерінде жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған іс-шаралар өткізіліп тұрады.

Осыған орай мектебімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар» тақырыбында жұмыс түрлері жүргізілуде.

Жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған әрбір іс-шара мақсатты болып келеді.



Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын алудың ең алғашқы нүктесі жастарды бала кезінен тәрбиелеу болып табылады. Барлық білім беру мекемелерінде жемқорлықты болдырмау мен алдын алуға арналған іс-шаралар өткізіліп тұрады.

- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу және жол бермеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа байланысты әр түрлі іс-әрекеттерге қарсы шығу.



Саналы тәртіп, пайдакүнемдік пиғылдағы және мәжбүрлі тәртіп түрлеріне бөлінеді. Саналы тәртіп — қоғам мүшелерінің мінез-құлық нормаларын терең сезініп игеруі. Тәртіпті адам қоғамдық өмірде қабылданған мінез-құлық нормаларын ұстау қажеттігін іштей түйсініп әдеп ретінде қабылдайды. Оларды сақтай алмаған жағдайда ұяттан қысылып, өзін кінәлі сезінеді. Қоғамдық тәртіп қоғам мүшелерінің жеке мүдделерінің, олардың қажеттерінің және олар орындайтын әлеуметтік мінез-құлық нормаларының бір-бірімен ұштасу дәрежесімен айқындалады. Егер бұл

нормалар жеке адам іс-әрекетінің іштей құлшынысына айналмаса, онда мұның өзі мінез-құлықтағы түрлі ауытқуларға апарып соқтырады.

<https://www.instagram.com/reel/CyADn7AogvU/?igsh=cHpxdTU2MDI5cWFj>
<https://www.instagram.com/reel/Cxb226HoLm-/?igsh=MTk1aXZtYTQwaWh0bg==>
<https://www.instagram.com/reel/CpPFKrlrpNn/?igsh=MWN4ZGZ4Z2FyamF5bA==>
<https://www.instagram.com/reel/CouBk5wIsyj/?igsh=eXpxeTEyb2UzemFu>
<https://www.instagram.com/reel/C0v9dCvo3dm/?igsh=NHkzNmdwbXEwd3Jw>
<https://www.instagram.com/reel/C0vXX06I5B7/?igsh=bW5hdGI4b21jcGJ5>
<https://www.instagram.com/reel/C0vRwsBo67c/?igsh=aWE5ZG1wb3dxZHZr>
<https://www.instagram.com/p/C0gFxEUlIpK/?igsh=MTUyZTFvdXFyZWkyOA==>
<https://www.instagram.com/reel/Cz232JDIts-/?igsh=eWdqWp2aWhhY3ls>
<https://www.instagram.com/p/CzYlWT8oVJR/?igsh=MXBkOTE4NTZhdXpjZA==>

«Д.Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп» КММ

Мектепте жүргізілетін үйірме, кружок, спорт секциялары туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылы

ҮЙІРМЕЛЕР МЕН КЛУБТАР

Мектепте оқушыларға арналған қосымша сабақтар мен үйірмелердің құрылуы балалардың физикалық және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, тұрақты қызығушылықты, өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейін және балалар шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Біздің мектептебімізде төмендегідей үйірмелерге қатыса алатыды:

Хореография

Тоғызқұмалақ

Спорт секцияларының бірнеше түрі

Үйірме жұмыстарының сағат сандары қыркүйек айында бөлініп, уақыты бекітілді.

Тізім бойынша үйірменің уақытылы өтуі апта сайын қаралды. Тексеру барысында үйірме оқушыларының тізім бойынша келуіне ескерту айтылды.

Үйірме жұмыстарын тексеру барысында оқушылардың қызығушылықпен келетіндігі және жұмыс нәтижесі жетістіктермен көрінетіндігі байқалды.

Қорытынды: үйірме жұмысы өз нәтижесін көрсетіп, алдағы уақытта республика, халықаралық деңгейге оқушыларды шығаруға негізделген жұмыс жүргізу.

БАСКЕТБОЛ

Үйірменің мақсаттары мен міндеттері. Үйірме жұмыстары оқушылардың сабақтан тыс уақытында колледж қабырғасында дене жаттығуларымен ұйымдасқан түрде айналысу жүйесін құрайды. Спорттық үйірмелер спорттың түр-түрімен айналысуға тілек білдірушілер үшін құрылады.

Үйірме жұмыстарының мақсаты – дене тәрбиесінің негізгі міндеттерін толық және сапалы шешуге, бос уақытын пайдалы және дұрыс өткізуге көмектеседі, іріктеп алған жаттығулар түрімен айналысуда оқушылардың жеке қызығуын арттыруға жәрдемдеседі, жаттығушылардың әлеуметтік белсенділігін дамытады.

Үйірменің міндеті - спортпен жүйелі айналысуға дайын студенттерді тарту. Студенттердің салауатты өмір салты бойынша өмір сүруіне, спорт түрлерімен айналысып, оларды жетік меңгеруіне, күш қуаттарын өсіріп, денсаулықтарын нығайтуға ықпал жасау.

Күтілетін нәтиже

Білім алушылардың денсаулығын нығайту, баскетбол ойындарына қызығушылықтарын жетілдіру. Студенттердің патриоттық сезімдерін арттыру, өзара сыйластық сезімдерін ояту. Дене қасиеттерін тәрбиелеуге дағдыландыру.

ВОЛЕЙБОЛ үйірменің мақсаттары мен міндеттері. Үйірме жұмыстары білім алушылардың сабақтан тыс уақытында мектеп қабырғасында дене жаттығуларымен ұйымдасқан түрде айналысу жүйесін құрайды. Спорттық үйірмелер спорттың түр-түрімен айналысуға тілек білдірушілер үшін құрылады.

Үйірме жұмыстарының мақсаты – білім алушылардың дене тәрбиесінің негізгі міндеттерін толық және сапалы шешуге, бос уақытын пайдалы және дұрыс өткізуге көмектеседі, іріктеп алған жаттығулар түрімен айналысуда оқушылардың жеке қызығуын арттыруға жәрдемдеседі, жаттығушылардың әлеуметтік белсенділігін дамытады.

Үйірменің міндеті - спортпен жүйелі айналысуға дайын студенттерді тарту. Балалардың салауатты өмір салты бойынша өмір сүруіне, спорт түрлерімен айналысып, оларды жетік меңгеруіне, күш қуаттарын өсіріп, денсаулықтарын нығайтуға ықпал жасау.

Күтілетін нәтиже

Білім алушылардың денсаулығын нығайту, волейбол ойындарына қызығушылықтарын жетілдіру. Оқушылардың патриоттық сезімдерін арттыру, өзара сыйластық сезімдерін ояту. Дене қасиеттерін тәрбиелеуге дағдыландыру.

Қала оқу орындары арасында жарыстарда жүлделі орындарға ие болу.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ үйірменің мақсаттары мен міндеттері. Үйірме жұмыстары оқушылардың сабақтан тыс уақытында мектеп қабырғасында дене жаттығуларымен ұйымдасқан түрде айналысу жүйесін құрайды. Спорттық үйірмелер спорттың түр-түрімен айналысуға тілек білдірушілер үшін құрылады.

Үйірме жұмыстарының мақсаты – студенттерге дене тәрбиесінің негізгі міндеттерін толық және сапалы шешуге, бос уақытын пайдалы және дұрыс өткізуге көмектеседі, іріктеп алған жаттығулар түрімен айналысуда студенттердің жеке қызығуын арттыруға жәрдемдеседі, жаттығушылардың әлеуметтік белсенділігін дамытады.

Үйірменің міндеті - спортпен жүйелі айналысуға дайын студенттерді тарту. Студенттердің салауатты өмір салты бойынша өмір сүруіне, спорт түрлерімен айналысып, оларды жетік меңгеруіне, күш қуаттарын өсіріп, денсаулықтарын нығайтуға ықпал жасау.

Күтілетін нәтиже

Білім алушылардың денсаулығын нығайту, үстел теннисі ойындарына қызығушылықтарын жетілдіру. Оқушылардың патриоттық сезімдерін арттыру, өзара сыйластық сезімдерін ояту. Дене қасиеттерін тәрбиелеуге дағдыландыру.

Қала оқу орындары арасында жарыстарда жүлделі орындарға ие болу.

Футбол үйірменің мақсаттары мен міндеттері.

Футбол – тұрғындардың кең көлемдегі денсаулығын нығайтып және дамытатын дене тәрбиесінің көпшілік қолданылатын құралдарының бірі. Бұл шындығында да халықтық ойын, онымен ересектер, жасөспірімдер және балалар да шұғылданады. Футбол – атлетикалық ойын. Ол адамның дене қасиеттерін, жылдамдықтың, ептіліктің, төзімділіктің, күштің дамуына ықпал жасайды. Адамның ерік – жігерін шыңдайды. Футбол ойынының мақсаты екі коллективтің арасындағы бәсекелесте екеуінің де мақсаты бір ғана – жеңіс. Жеңіске деген ұмтылыс футболшыларды коллективтік әрекетке, өзара көмекке, достық және жолдастық сезімді тәрбиелейді. Футбол ойыны кезінде әрбір ойыншы өзінің жеке іс – қабілетін көрсете білуге, мүмкіндік ала отырып, сонымен бірге жеке ұмтылысты жалпы командалық мақсатқа жетуді талап етеді. Футболдан оқу жаттығу және жарыстар жыл бойы өтетін болғандықтан, климаттық және метрологиялық жағдайлардың жиі өзгеріп отыруы, дененің шынығуына ағзаның қарсы тұруын көтеріп және бейімделу мүмкіншілігін кеңейтуге септігін тигізеді. Спорттың басқа түрінен өткізілетін жаттығуларда, көбінесе қосымша спорт түрі ретінде футбол ойынын қолданылады. Бұл дегеніміз футбол дененің дамуына ерекше әсер етеді, таңдаған спорт түрі бойынша жақсы дайындыққа септігін тигізеді.

Мақсаты: Футбол ойынында екі коллективтің арасындағы бәсекелесте екеуінің де мақсаты бір ғана – жеңіс. Жеңіске деген ұмтылыс футболшыларды коллективтік әрекетке, өзара көмекке, достық және жолдастық сезімді тәрбиелейді. Футбол ойыны кезінде әрбір ойыншы өзінің жеке іс-қабілетін көрсете білуге мүмкіндік ала отырып, сонымен бірге жеке ұмтылысты жалпы командалық мақсатқа жетуді талап етеді.

Күтілетін нәтиже: Футбол ойынындағы ойыншылардың жүктемелерін орнықтыру спорттың жаттығу әдістемелеріне кіргізіле отырып дене тәрбиесінің жаңа қолайлы түрлері мен жолдарын іздестіру. Футбол үйірмесін жаңа технологиялармен байланыстырып оқыту әдісі ретінде оқу мен оқытудағы жаңа әдіс - тәсілдерді қолданып өту, соның бірі командалық жұмыс. Үйірме барысында оқушылардың футболға деген қызығушылықтарын арттыру және қалалық Республикалық жарыстарға қатысып жүлделі орындарға қол жеткізу. Жоғарғы дәрежедегі футболшылардың және жанадан бастаған шұғылданушылардың жүктемеге бейімделу тәсілдерін тәжірибеде қолдану жиілігі мен ол тәсіл туралы бар білімдері анықтау.

Тоғызқұмалақ үйірменің мақсаттары мен міндеттері

Үйірме жұмыстары білім алушылардың сабақтан тыс уақытында мектеп қабырғасында дене жаттығуларымен ұйымдасқан түрде айналысу жүйесін құрайды. Спорттық үйірмелер спорттың түр-түрімен айналысуға тілек білдірушілер үшін құрылады.

Үйірме жұмыстарының мақсаты – балалардың дене тәрбиесінің негізгі міндеттерін толық және сапалы шешуге, бос уақытын пайдалы және дұрыс өткізуге көмектеседі, іріктеп алған жаттығулар түрімен айналысуда студенттердің жеке қызығуын арттыруға жәрдемдеседі, жаттығушылардың әлеуметтік белсенділігін дамытады.

Үйірменің міндеті - спортпен жүйелі айналысуға дайын балаларды тарту. Білім алушылардың салауатты өмір салты бойынша өмір сүруіне, спорт түрлерімен айналысып, оларды жетік меңгеруіне, күш қуаттарын өсіріп, денсаулықтарын нығайтуға ықпал жасау.

Күтілетін нәтиже

Білім алушылардың денсаулығын нығайту, волейбол ойындарына қызығушылықтарын жетілдіру. Балалардың патриоттық сезімдерін арттыру, өзара сыйластық сезімдерін ояту. Дене қасиеттерін тәрбиелеуге дағдыландыру.

Қала оқу орындары арасында жарыстарда жүлделі орындарға ие болу.



«Шолпы» би ансамблі. Республикалық байқау иегері



Хаттама №1

Д. Бабаев атындағы №115 жалпы білім беретін мектеп бойынша 30.08.2023 ж күні «Қамқоршылық кеңесінің» мүшелері мен сынып жетекшілерінің біріккен жиналысы болып өтті.

Қатысқаны: ата-аналар – 76

Сынып жетекшілер - 39

Қатыспағаны - жоқ

Күн тәртібінде:

1.« Міндетті оқуға қамту» қорынан мектептегі жетім, жартылай жетім отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен оқушыларды мектеп тарапынан ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

2. 2023 оқу жылының қыркүйек айының бастап ыстық тамақ ішетін оқушыларды анықтап ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізіміне қосу.

Тыңдалды:

Өз сөзінде мектеп басшысы Т.Т. Қазыбаев: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 949 Қаулысы бойынша мектептегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға және жан басына шаққанда күн көрісі төмен отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік тұрмыс жағдайлары төмен оқушыларға «Міндетті оқуға қамту» қорының қаржысы есебінен көмек көрсету мақсатында мектеп тарапынан ыстық тамақпен қамтамасыз ететінін атап өтті.

«Міндетті оқуға қамту» қорынан бөлінген қаржы есебінен мектептегі жетім, жартылай жетім, және әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен оқушыларға мектеп тарапынан бір мезгіл ыстық тамақ берілетіндігін, ол үшін сынып жетекшілер сыныбындағы осы көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау керектігіне тапсырма берілгендігін айтты.

Сынып жетекшілер мен «Қамқоршылық кеңесінің» мүшелері бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамтамасыз етуге ұсынылған оқушының әлеуметтік тұрмыс жағдайын бақылау Актісін және осы жиында айтылған мәселе бойынша сыныпта ата-аналар жиналысын жасап, әрбір ата-анаға жеткізу керектігін айтты.

Сынып жетекшілердің және сарапшылардың қорытынды есебі бойынша мектептегі жетім, жартылай жетім, мүгедек,көп балалы отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларды анықтап ұсынуы бойынша, қазір мұндай бала саны-17 бала. Олар:

№ р/с	Мектеп	Аты-жөні тегі (түгелімен)	Туған күні айы жылы	Сынып	Мекен жай	Статус
1	№115ЖББМ	Ержанұлы Әділет	12.10.2011	6	ЖК Аспан сити 1140	2-категория
2	№115ЖББМ	Қонаш Диас	15.07.2012	6	Нұрахмет 77	1-категория
3	№115ЖББМ	Халекеева Румейса	01.08.2015	3	Маяк Авиатор 225	АСП
4	№115ЖББМ	Серікқанұлы Арсен	19.12.2013	3	Мкр. Алмерек 3/2	ОБПР
5	№115ЖББМ	Қайсарқызы Сумая	24.02.2015	5	Маяк Авиатор 225	АСП
6	№115ЖББМ	Маултбекова Нұрай	20.08.2008	9	Дундича 13/2	2-категория
7	№115ЖББМ	Қонаш Данияр	28.07.2015	3	Н.Бекбосынұлы 77	АСП
8	№115ЖББМ	Сайлаубек Аңсар	05.03.2013	5	Майлин 212/18	АСП
9	№115ЖББМ	Сайлаубек Омар	20.10.2014	4	Майлин 212/18	АСП
10	№115ЖББМ	Сайлаубек Алдияр	10.09.2016	2	Майлин 212/18	АСП
11	№115ЖББМ	Мухаметқали Аяулым	27.09.2011	7	Садовского 19	ОБПР
12	№115ЖББМ	Қонаш Аружан	31.02.2010	8	Н.Бекбосынұлы 77	АСП

13	№115ЖББМ	Қапбар Әбубәкір	15.06.2009	9	Майлина 54-100	2-категория
14	№115ЖББМ	Қапбарова Еркеназ	01.11.2011	6	Майлина 54-100	2-категория
15	№115ЖББМ	Қаппарова Аружан	22.09.2013	5	Майлин 54/100	2-категория
16	№115ЖББМ	Джасымбек Динара	25.02.2010	7	Беринга 23/2	2-категория
17	№115ЖББМ	Ратбек Сезім	24.02.2015	3	Жұлдыз-2 53/51	2-категория

«Міндетті оқуға қамту» қорынан бөлінген қаржы есебінен осы 17 балаға өкіметтен қаржы бөлініп отыр.

Жиналыс барысында осы балаларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Президент Әкімшілігінің басшысы Е.Қошановтың 2021 жылғы 21 шілдедегі № 21-32-30.207 бір мәрте тамақтану нормаларына (2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 ҚР ПП 15-қосымшасы) сәйкес 24.01.2022 – 31.12.2022 аралығында 5-9 сынып оқушыларына күніне 634,95 тиын, 10-11 сынып оқушыларына күніне 682,91 теңге көлемінде, ас мәзіріне сәйкес бір мезгіл ыстық тамақ берілсін «Міндетті оқуға қамту» қорынан бөлінген қаржы есебінен ыстық тамақ беру дауысқа салынып, қаулы қабылдасақ деген ұсыныс білдіремін. Мектеп бойынша бекітілген 10 балаға және арендатордың атынан ұсынған 9 балаға тамақ беріледі.

Ұсыныс:

«Міндетті оқуға қамту» қорынан бөлінген қаржыны балалардың мектеп тарапынан бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілуіне сынып жетекшілер мен ата-аналар өз ұсыныстарын білдірді. Барлығы осы ұсынысты бір ауыздан мақұлдады.

Қаулы:

1. «Міндетті оқуға қамту» мәселесі бойынша әрбір сыныпта өткізілетін жиналыста қамқорлықтағы мектептегі жетім, жартылай жетім, мүгедек, көп балалы отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен оқушылардың іс-құжаттары қаралып, тізімі жасалсын.

2. Оқушылардың іс-құжаттарын қарап, тізімге алу және «Міндетті оқуға қамту» қоры есебіне ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін қадағалау сарапшылар тобымен қадағалансын.

3. Өз еркімен ыстық тамақтан бас тартуына байланысты бұйрық шығарылып оқушының ата-анасынан өтініш алынсын.

4. 2023 жылының қыркүйек айының 01-нен бастап мектептегі жетім, жартылай жетім, мүгедек, көп балалы отбасында тәрбиеленуші және әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен оқушылардың іс-құжаттарын қарап, тізімін жасау әлеуметтік педагог А.С. Тажибаеваға міндеттелінсін.

№	Аты-жөні	Туған жылы, айы, күні	Сыныбы	Ата-анасының аты-жөні	Арнайы мамандар
1	Қанатқызы Аяна	07.09.2016	2 «а»	Мәдиева Ғалия Сабырқызы Аргынбаев Канат Отарбаевич	Лог. психолог
2	Айдарбек Раяна	08.07.2015	2 «ә»	Папа: Акжолбаев Рауан Айдарбекович Мама: Ибрагимовна Зарина Талгатовна	Лог.
3	Джаркымбаев Даурен Болатович	07.08.2015	2 «ә»	Папа: Джаркымбаев Болат Кайпанович Мама: Джаркымбаева Салтанат Сагындыковна	Лог. Психолог дефектолог
4	Эрденова Ясмин Мырзабековна	15.04.2015	2 «б»	Папа: Исабеков Мырзабек Эрденович	Лог.

				Мама:Рамазанова Макпал Максатовна	
5	Сұртай Самия	15.12.2014	2 «в»	Папа: Ермекбаев Бахытжан Суртаевич. Мама:Ермекбаева Гулим Оразовна	Лог. Психолог дефектолог
6	Кабылмуратов Нурбек	19.06.2015	3 «ә»	Папа:Бодауов Алмат Кабылмуратович Мама:Акшабаева Назерке Омыркановна	Лог. дефектолог
7	Туребек Рамина Нұрлыбекқызы	11.01.2016	2 «ә»	Папа:Джетимеков Нұрлыбек Мама:Мусаева Мұқарам	Лог.
8	Серікханұлы Арсен	19.12.2013	3 «б»	Қамқоршы әпкесі: Мусали Анар	Лог. Психолог дефектолог
9	Төлеухан Бауыржан Серікжанұлы	29.08.2014	3 «б»	Папа:Абдрасилов Серикжан Төлеуханович Мама:Абдрасилова Арай Батыржановна	Лог. Психолог дефектолог
10	Хайбрахман Ильяс	11.04.2015	3 «в»	Папа:Ищанов Талгат Хайбрахманович Мама:Бейсенгалиева Маржан Мағауяновна	Лог. Психолог дефектолог
11	Елеусін Айқын	07.09.2010	7 «в»	Мама; Нрекеева Ғалия Думанқызы	Логопед
12	Өр Дамир	24.06.2009	8 «А»	Папа; Чимиров Кайсар Орьевич Мама:Хасенова Динара Габитовна	Логопед. Дефектолог
13	Канатбаев Асылбек	29.09.2009	8 «б»	Папа: Канатбаев Арман Мама: Арыстанқызы Құлмира	Логопед, Психолог, Дефектолог
14	Чимирова Камиля	10.08.2008	9 «б»	Папа;Чимиров Кайсар Орьевич Мама: Хасенова Динара Габитовна	Логопед. Психолог. Дефектолог
15	Ануарбек Нұртөре Еркебұланұлы	25.12.2015	1 «в»	Папа:Абенов Еркебұлан Мама;Абенова Эльвира	Логопед, Психолог, Дефектолог

Мектеп асханасын жалға алушы Жексебаева Гүлжан Нұркуловнаның есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасында тәрбиеленіп жатқан балалардың тізімі

№ р/с	Оқушының аты – жөні	Туған күні айы жылы	Сыныбы	Статусы
1	Өр Дамир	24.07.2009ж.	8 А	Мүмкіндігі шектеулі
2	Чимирова Камилия	10.08.2008ж.	8 Б	Мүмкіндігі шектеулі
3	Иманкулов Нұрдәулет	18.07.2013ж.	5 В	Көп балалы
4	Асқарқожа Жарас	28.05.2013ж.	5 Ә	Көп балалы
5	Насыр Нұрмұхаммед	28.06.2012ж.	5 Б	ӘТЖ
6	Ерболсынұлы Нұрбол	09.05.2011ж.	7 А	ӘТЖ
7	Қабылбай Арайлым	01.10.2010ж.	7 Ә	Көп балалы
8	Макашева Аружан	27.09.2008ж.	8 В	Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен
9	Макашева Балжан	27.06.2010ж.	7 Б	Әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен

